



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

«02» 09 2025 жыл № 97/14
Астана қаласы

город Астана

Мектепте тыйым салынған өнімдерді сатпау туралы

Астана қаласы Білім басқармасының 2025 жылғы 26 ақпандағы №107-01-12/354 шығыс хатының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

«Астана қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ақпаратына сәйкес, соңғы бір жылда балалардың сауда орындарынан сатып алынған азық-түлік өнімдерінен улану фактілері көбейгенін хабарлайды.

Қоғамдық тамақ объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың 177-179 тармақтарына сәйкес (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығы) алып тасталады:

1) **Өндіру және сату:** қатық, сүзбе, айранды; туралған ет қосылған құймақтарды; флотша макаронды; зельцтер, форшмактар, сілікпелер, паштеттерді; кремі бар кондитерлік өнімдерді; тұтыну қаптамасындағы кондитерлік өнімдер мен тәттілерді (шоколад, кәмпит, печенье, қалуа, мармелад, пастила); морстар, квастарды; фритюрде қуырылған өнімдерді; шала пісірілген жұмыртқа, қуырылған жұмыртқаны; к.рделі (төрт компоненттен артық) салаттарды, қаймақ пен майонез қосылған салаттарды; окрошканы; саңырауқұлақтарды; өнеркәсіптік емес дайындалған (үйде дайындалған) тамақ өнімдерін; тез дайындалатын құрғақ тағамдық концентраттар негізінде бірінші және екінші тағамдарды; газдалған, емдік және емдік-асханалық минералдық суды, тәтті алкогольсіз сусындарды, алкогольсіз энергетикалық (сергітетін) сусындарды, диффузиялық қойылтылған шырындарды (қаптамаланған минералды және ауыз суды қоспағанда); фаст-фудтар; гамбургерлер, ход-догтар, пиццалар, наггетстер, чипсілер (чипсондар), дәмдік қоспалары бар тұздалған қытырлақ нанды; ащы тұздықтар, кетчуптар, ащы дәмдеуіштерді (бұрыш, акшелек, қыша) дайындауға және өткізуге;

2) **өндіру:** тізбесі тамақ өнімдерінің жекелеген түрлеріне қолданатын, 021/2011 КО ТР техникалық регламентінің 8-бабында және Одақтың

техникалық регламенттерінде айкындалған тамақ өнімін, осы Санитариялық қағидалардың 97-тармағында көрсетіліген тамақ өнімін, пастерленбеген сүтті, термиялық өңделмеген сүзбені және қаймақты, минералдармен байытылмаған (фортификацияланбаған) жоғарғы және бірінші сұрыпты бидай ұнын пайдалануға жол берілмейді.

Сондай-ақ тамақ өнімдерін автоматты түрде өткізуге арналған аппараттарды орнатуға және жаппай сауықтыру рәсімі ретінде оттегі коктейлдерін өткізуге рұқсат етілмейді.

Балалардың тыйым салынған өнімдермен улану жағдайларының алдын алу және болдырмау үшін мектепте келесі шараларды қабылдайды:

1) санитариялық талаптарды мүлтіксіз сақтауға және мектепте жоғарыда көрсетілген тамақ өнімдерін пайдалануға және өткізуге жол бермеуге;

2) тәрбие жұмысының жоспарларына балалар мен ата-аналар арасында тамақтану мәдениеті, балаларға пайдалы тағам әдеттерін сіңіру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын енгізуге;

3) мектептегі асхана жұмысын тексеру бракераж комиссиясымен бірге жүргізілсін.

Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды әлеуметтік педагог А.Е. Алжаппароваға, Г.Қ. Нұртайға, мектеп медбикесі А.А. Берикбаеваға жүктелсін.

Негіздеме: Астана қаласы Білім басқармасының 2025 жылғы 26 ақпандағы №107-01-12/354 шығыс хаты

Директордың міндетін
уақытша атқарушы



А.Е. Сармантаева